

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы		044-67
«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша ашық сабақ		7 беттің 1беті

Ашық сабақ

1. **Мамандығы:** 09130200 «Акушерлік іс»
2. **Біліктілігі:** 4S09130201 «Акушер»
3. **Тобы:** С-АҚ- 11-01-22 А
4. **Курс** – 3
5. **Оқу семестрі** - 4
6. **Кафедра:** «Клиникалық пәндер»
7. **Өткізу күні:** 03.11.2023ж
8. **Өткізу уақыты:** 15:00 – 16:00
9. **Сабақты өткізген:** оқытушы Елібай Ж.О.
10. **Іс – шара:** ашық сабақ
11. **Пән:** «Ішкі аурулар пропедевтикасы»
12. **Сабақтың тақырыбы:** «Артериалды гипертензия.Артериялық қысымды анықтау.Тамыр соғуын анықтау.Әдістемесі мен техникасы.Пульс тапшылығы туралы ұғым.».
13. **Сабақтың мақсаты:** студенттерге науқастарды қабылдаудағы медбике қызметі мен рөлін, артериялық гипертензия ұғымын этиологиясын ,клиникасын , түрлерін, емдеу әдістері мен асқынулары жайында түсіндіру.
14. **Сабаққа қатысқандар:**
 Кафедра меңгерушісі: Махмут А.Ә.
 Директордың оқу әдістемелік бөлімінің төрайымы: Мамбеталиева Г.О
 Кафедра оқытушысы: Сламхан.А.Ғ
 Кафедра оқытушысы: Имаш Н.Б.
 Кафедра оқытушысы:Тіленіш Ж.У.
 Кафедра оқытушысы: Ералиева М.Е.
 Кафедра оқытушысы:Култаева А.Ә.
 Кафедра оқытушысы:Макамшиков Э.Т.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	044-67	
«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша ашық сабақ	7 беттің 2беті	

1.Оқушы білуі және істей білуі керек:

- Артериалды гипертензия туралы түсінік;
- Артериалды гипертензияның этиологиясын,клиникасын,зерттеу әдістерін,емін.

2. Өз бетінше дайындалуға арналған сұрақтар :

- 1) Артериалды гипертензия дегеніміз не?
- 2) Артериалды гипертензияның этиологиясы,клиникасы патогенезі?
- 3) Артериалды гипертензияның зерттеу әдістері?
- 4) Артериалды гипертензияның емі, профилактикасы?
- 5) Артериялық қысымды анықтау.Тамыр соғуын анықтау.Әдістемесі мен техникасы.?

2. Білім берудің, оқытудың әдістері: Кіші топпен жұмыс.

3.Сабақтың тақырыбы: «Артериалды гипертензия.Артериялық қысымды анықтау.Тамыр соғуын анықтау.Әдістемесі мен техникасы.Пульс тапшылығы туралы ұғым.».

4.Сабақтың мақсаты: студентерге науқастарды қабылдаудағы медбике қызметі мен рөлін, артериялық гипертензия ұғымын этиологиясын ,клиникасын , түрлерін, емдеу әдістері мен асқынулары жайында түсіндіру

5. Сабақтың жоспары:

I-бөлім

1. Ашық сабақ тақырыбы мен мақсаты.
2. «Артериалды гипертензия» тақырыбына презентация.
3. Ойлан, тап ойыны.

II-бөлім

4Кім-мықты ойыны

5Сұрақ-жауап айдары


6. Қорытындылау

Сабақ барысының өтілуіне байланысты баға қойылады.

7.Нәтижесі мен маңыздылығы: сабақ жоспар бойынша және силлабуста көрсетілген өткізу түріне (шағын топпен жұмыс) сәйкес өтті. Шағын топтарда жауапты сұрақтар менойын есептерге жауап берді. Артериялық гипертензия толықтай түсінді. Артериялық қысымды анықтауды , тамыр соғуын анықтауды үйренді

1.Артериалдық гипертония - систолалық АҚ 140 мм.с.б. және жоғары мен/немесе диастолалық АҚ 90 мм.с.б. және жоғары тұрақты көтерілуі (тыныштық жағдайда, түрлі уақытта жүргізілген кем дегенде үш өлшем нәтижесінде. Науқас бұл кезде АҚ жоғарылататын, сонымен қатар төмендететін дәрілік заттарды қабылдамауы қажет).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы	044-67	
«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша ашық сабақ	7 беттің 3беті	




АГ дәрежелері:

- 1 дәреже 140-159 / 90-99.
- 2 дәреже 160-179/100-109.
- 3 дәреже 180 /110.
- Оқшауланған систолалық гипертензия. 140/ <90.

АГ қауіп дәрежесі:

- **Төменгі қатер тобы (1 қатер).** Бұл топқа АГ 1 дәрежесімен басқа қатер факторлары, ағза нысана зақымдалуы және жүрек-қантамыр ауруларының қосарлануы жоқ 55 жастан жас ерлер мен әйелдер кіреді. Жүрек қантамыр асқынуларының (инсульт, инфаркт) даму қаупі алдағы 10 жылда 15% төменді құрайды.
- **Орташа қатер тобы (2 қатер).** Бұл топқа 1 немесе 2 дәрежедегі АГ емделушілер кіреді. Бұл топқа кірудің негізгі белгілері болып ағза нысана зақымдалуы және жүрек-қантамыр ауруларымен қосарлануы жоқ, 1-2 басқа факторлардың болуы табылады. Жүрек қантамыр асқынуларының (инсульт, инфаркт) даму қаупі алдағы 10 жылда 15-20% құрайды.
- **Жоғары қатер тобы (3 қатер).** Бұл топқа 3 немесе одан көп басқа қауіп қатер факторлары бар немесе ағза нысандардың зақымдануы бар, 1 немесе 2 дәрежелі АГ емделушілер жатады. Осы топқа 3 дәрежелі АГ науқастар кіреді, ағза нысаналардың зақымдануынсыз, қосарлы ауруларсыз және қантты диабетсіз. Жүрек қантамыр асқынуларының даму қаупі алдағы 10 жылда 20 дан 30% ке дейін.
- **Өте жоғары қауіптегі топ (4 қатер).** Бұл топқа АГ кез келген дәрежесімен емделушілер жатады, қосарланған аурулары бар, сонымен қатар 3 дәрежелі АГ емделушілер, қосарланған аурулар болмаған жағдайда да басқа қауіп қатер факторларымен және/немесе ағза нысана және/немесе қантты диабетпен науқастар кіреді. Жүрек қантамыр асқынуларының даму қаупі алдағы 10 жылда 30% жоғары.




Физикалық тексеру:

1. АГ бар екендігін растау және оның тұрақтылығын белгілеу (тұрақты түрде гипотензивті терапия қабылдамайтын науқастарда, түрлі жағдайда кем дегенде үш өлшем нәтижесінде АҚ 140/90 мм.с.б. артуы.);
2. Екіншілік артериалдық гипертонияны алып тастау;
3. АГ қатер стратификациясы (АҚ жоғарылау дәрежесін анықтау, жойылатын және жойылмайтын қауіп қатер факторларын анықтау, ағза нысандардың зақымдануы мен бірлескен жағдай)


Инструменталдық зерттеулер: эхокардиография, ұйқы және сан артериясын УДЗ, бүйректі УДЗ, бүйрек қантамырларын доплер-УДЗ, бүйрек үсті безін УДЗ, радиоизотопты ренография.

Негізгі дәрі-дәрмектер тізімі:

1. *Гидрохлортиазидтабл, 12,5-25 мг.
2. **Индапамидтабл, 2,5 мг.
3. *Метопрололтабл, 50-200мг\тәулігіне.
4. **Эналаприлтабл, 2,5 мг, 10 мг; ампуладағыерітінді 1,25 мг/1 мл.
5. *Лизиноприлтабл, 5-40 мг.
6. *Периндоприл 2-8 мг.
7. Эпросартабл, 300-600 мг\тәулігіне.
8. **Амлодипинтабл, 5 мг, 10 мг.
9. *Верапамилтабл, 240-480 мг.
10. *Доксазозинтабл, 1-16 мг.
11. Моксонидинтабл, 0,2-0,4 мг\тәулігіне.



4. Ойлан, тап ойыны: Студенттерге сурет беріледі. Сурет пазл түрінде қиылып жасалған. Әр пазл үстінде сұрақ жабыстырылған. Студенттер біртіндеп сұраққа жауап беру арқылы пазл құрастырып жүрек суретін шығару керек.



5. Кім мықты ойыны: Бұл ойын студенттер тарапынан оқытушыларға жүргізілді. Топ екіге бөлінген. Ойында 20, 40, 60, 80 ұпайлық 2 қатар ұяшықтар жасырылған. Жасырылған ұяшықты оқушылар кезегімен таңдап соған жауап береді. Ойынға 10 мин уақыт беріледі. Сәйкесінше ұпайлар ұяшықта көрсетілген санмен беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы		044-67
«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша ашық сабақ		7 беттің 6беті



6.Білім деңгейінің қорытындысы.

Студенттермен кері байланыс орнату тақырып бойынша ауызша сұрақтар қойылады. Студент тақырыпты толық түсінгенін білу мақсатында. Дайындық уақыты 1 минут, содан соң жауап беріледі. Әр оқушы жауап берген соң мұғалім олардың жауаптарын түзеп, анализ жасалды.Топтың сұраққа жауап беру уақыты 10 минут.

Жүргізілген ашық сабаққа оқытушылар өз пікірлерін айтты.



Қорытынды.

Қортындылай келе Артериалды гипертензияның клиникасын, этиологиясын,шағымдарын,емін және артериалдық криз кезіндегі алғашқы медициналық көмекті толықтай түсінді .

8.Қолданылатын әдебиеттер :

Негізгі:

1. Қалимұрзина, Б. С. Ішкі аурулар. Т. 1. : оқулық. - Алматы : Эверо, 2010. - 540 бет
2. Қалимұрзина, Б. С. Ішкі аурулар. Т. 2. : оқулық . - Алматы : Эверо, 2010. - 504 бет
3. Қалимұрзина Б. С. Ішкі аурулар. 2 томдық. 1-том: оқулық. – А., 2007.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Клиникалық пәндер» кафедрасы		044-67
«Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша ашық сабақ		7 беттің 7беті

Қосымша

- Алпысова, А. Р. Неотложные состояния в практике врача скорой помощи: учебно-методическое пособие / А. Р. Алпысова. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 176 с. -
- Круглов, В. Скорая доврачебная помощь : монография / В. Круглов. - Ростов н/Д : Феникс ; СПб. : ООО Изд-во "Северо-Запад", 2008. - 352 с. - (Попул. медицина).
- Ішкі аурулар бойынша объективтендірілген құрамдастырылған клиникалық емтихан: оқу-әдістемелік құрал = Объективный структурированный клинический экзамен по внутренним болезням : учебно методическое пособие / М. Оспанов атындағы БҚММУ ; құрас. Қ. Ж. Ахметов - М. : "Литтерра", 2016. - 368 б
- Сырқатнама оқу-әдістемелік құрал. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2015. - 80 с

Электронды ресурстар.

- <https://diseases.medelement.com/disease/%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B4%D1%8B%D2%9B-%D0%B3%D0%B8%D0%BF%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B5%D0%BD%D0%B7%D0%B8%D1%8F/12849>
- <https://www.studentlibrary.ru/kk/book/ISBN9785970432891.html>